

15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

№8 (198)

28 АҚПАН
СЕНБІ
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ – БЕРЕКЕЛІ БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ

Құрметті Қосшы қаласы және Тайтөбе ауылының тұрғындары!

Сіздерді Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Алғыс айту күні – ел ішіндегі ынтымақ пен татулықты нығайтып, бір-бірімізге құрмет пен ізетті арттыратын, берекелі бірлік пен шынайы достықты дәріптейтін ерекше мереке. Бұл күн – өткен тарихқа тағзым етіп, бүгінгі бейбіт өмірімізге шүкіршілік айтып, болашаққа сеніммен қарауға үндейтін мағыналы мейрам.

Қосшы қаласы қала мәртебесін алғаннан бері қарқынды дамудың жолына түсіп, көптеген әлеуметтік және инфрақұрылымдық жетістікке қол жеткізді. Қаламыздың көркейіп, тұрғындардың тұрмыс сапасының жақсаруы жолында атқарылып жатқан жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Қосшының болашағы жарқын, келешегі кемел болуы үшін жоспарлы жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады.

Қаламыздың өркендеуі – алдымен сіздердің бірлігіңіз бен қолдауыңыздың, еңбекқорлығыңыз бен отансүйгіштік қасиеттеріңіздің нәтижесі. Қандай бастама болса да сіздердің сенімдеріңіз біз үшін әрдайым маңызды. Қосшының дамуына үлес қосып, ортақ мақсат жолында бірге еңбек етіп келе жатқан әрбір тұрғынға шынайы алғысымды білдіремін.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілеймін! Әр күн қуанышқа толы болып, үйлеріңізден бақ-береке мен ырыс-несібе кетпесін. Ұрпақтарымыз бейбіт елде өсіп, еліміз дамудың даңғыл жолында биіктерден көріне берсін!

Алғыс айту күні әр отбасына жақсылық пен жылылық сыйласын! Қосшы қаласының болашағы жарқын, тұрғындары бақытты болсын!

Құрметпен,
Қосшы қаласының әкімі
Азамат ҚАПЫШЕВ



ҚОСШЫДАҒЫ КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Еліміздің саяси өміріндегі тарихи белес қарсаңында Қосшы қаласында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» атты жалпыұлттық коалиция мүшелері мен халықтың маңызды басқосуы өтті. Жиынның басты мақсаты – Ата Заңға енгізілетін өзгерістерді халыққа түсіндіру және алдағы референдумның маңызын айқындау.



Кездесуде Сенат депутаты, республикалық коалиция мүшесі Талғат Тұрлыбекұлы сөз алып, қала тұрғындарын ел болашағына бейжай қарамауға шақырды.

– Еліміздің негізгі заң жобасын мұқият зерделеп, оны қоғамдық талқылаулар аясында белсенді қарауға шақырамын. Еліміз үшін әрқайсыңыздың кәсіби және азаматтық пікіріңіз өте маңызды. Конституцияда бекітілген құқық пен қағидаттарды қолдап, республикалық референдумда белсенді дауыс берсеңіздер екен. Бұл – тек бүгінгі ісі емес, келешекке бағытталған нақты әрекет, – деді депутат.

Жиында экономикалық тұрақтылық пен бизнес өкілдерінің құқығын қорғау мәселесі де кеңінен қозғалды. Ақмола облыстық «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының директоры Ерқанат Серікұлы жаңа заң жобасының бизнес ортаға тигізер оң әсерін атап өтті.

– Біздің палатамыздың басты қызметі – облысымыздағы кәсіпкерлердің заңды құқығы мен мүддесін қорғау. Осыған байланысты мен шағын және орта бизнеске ықпал ететін аспектілерге тоқталып өтсем деп едім. Конституция кәсіптің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ал жаңа Конституция заң үстемдігі мен құқықтық айқындылық

принциптерін анық көрсетіп отыр. Осылайша кәсіпкер алдағы уақытқа нақты жоспар құрып, сол бойынша сенімді жұмыс атқара алады. Конституцияны қолдау арқылы біз ел экономикасына айтарлықтай үлес қоса аламыз, – деді ол.

Сонымен қатар облыстық мәслихат депутаты Айдын Төребаев Конституцияның тарихи маңыздылығына тоқталып, Қосшы халқының зиялылығына сенім білдірді.

– Ұлы даламыздың мыңжылдық тарихы бар екендігін негізге ала отырып жасалған заң жобасы қазақтың даму тарихының жаңа беттерін ашып, алдыңғы қатардан көрінуімізде септігін тигізетін болады деп сенемін. Қосшы қаласы Астананың іргесінде болғандықтан, мұндағы халықтың білім мен мәдениеті жоғары. Әр іске жоғары ыждағаттылықпен қарайтындықтан, алдағы үлкен жауапты істе де шетте қалмайды деп ойлаймын, – деді депутат.

Жиын соңында қала тұрғындары тарапынан спикерлерге көкейкесті сұрақтар қойылып, нақты ұсыныстар айтылды. Енді 15 наурызда әрбір азаматтың дауысы «әділетті Қазақстанның» іргетасын қалауға қосылған үлес болмақ.

Гүлназ БИСЕН

«Национальный центр последипломного медицинского образования» ЖШС, БСН 171040004563 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 346 ғимарат. т.: 8 707 154 40 47

ТОО «Национальный центр последипломного медицинского образования», БИН 171040004563 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, ул. Сакен Сейфуллин, здание 346. тел.: 8 707 154 40 47

Утеранный договор купли-продажи номер 5862 от 12.10.2015 г., на имя Жусиповой Г.Ж., находящийся по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, ул.Б.Сокпақбаева, д.20/4, кв.35. кад.номер: 21:319:016:818:20/4:35 считать не действительными. тел.: 8 771 37 37 805

Жоғалған 2015 жылғы 12 қазандағы №5862 сатып алу-сату шарты, Жүсіпова Г.Ж. атына рәсімделген, мекенжайы: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Б. Соқпақбаев көшесі, 20/4-үй, 35-пәтер, кадастр нөмірі: 21:319:016:818:20/4:35 – жарамсыз деп есептелсін. тел.: 8 771 37 37 805

«ENERGY GROUP AST» ЖШС, БСН 181240018621 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шәймерден Қосшығұлұлы көшесі, 19 үй, 181 пәтер. т.: 8 777 956 99 70

ТОО «ENERGY GROUP AST», БИН 181240018621 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, ул. Шаймерден Қосшығулулы, д.19, кв.181. тел.: 8 777 956 99 70

«Тим и Компания» ЖШС, БСН 170140022166 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал тұрғын ауданы, Еңлік-Кебек көшесі, 14/2 үй. т.: 8 702 463 30 63

ТОО «Тим и Компания», БИН 170140022166 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, жилой массив Коктал, ул. Еңлік-Кебек, д.14/2. тел.: 8 702 463 30 63

«ZHULDUZ LUX CLEAN» ЖШС, БСН 250540019277 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Қасым Аманжолов көшесі, 22 үй, 1 кеңсе. т.: 8 747 242 03 92

ТОО «ZHULDUZ LUX CLEAN», БИН 250540019277 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарайшық, ул. Қасым Аманжолов, д.22, кв/офис 1. тел.: 8 747 242 03 92

«РАЯНА СТРОЙ» ЖШС, БСН 200940023578 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Промышленный тұрғын ауданы, Сарайшық ауданы, Шалқөде көшесі, 2 үй, 5 кеңсе. т.: 8 701 999 85 37

ТОО «РАЯНА СТРОЙ» БИН 200940023578 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, жилой массив Промышленный, улица Шалқөде, д.2, офис 5. тел.: 8 701 999 85 37

ТОО «МК Экстра Ломбард» сообщиает о проведении торгов по голландскому методу невыкупленного залогового имущества, который состоится: с 02 по 06 марта 2026 г, с 10 по 13 марта 2026 г, с 16 по 20 марта 2026 г, 26, 27, 30, 31 марта 2026 г, с 10:00 до 13:00 по адресу: г. Астана, ул. Керей и Жанибек хандар 11.

«МК Экстра Ломбард» ЖШС өтелмеген кепіл мүлкін голландиялық әдіспен сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық өткізу мерзімі: 2026 жылғы 02–06 наурыз, 2026 жылғы 10–13 наурыз, 2026 жылғы 16–20 наурыз, 2026 жылғы 26, 27, 30, 31 наурыз күндері, сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін. Өтетін орны: Астана қаласы, Керей және Жәнібек хандар көшесі, 11-үй.

«StoyGroup2018» ЖШС, БСН 181140001059 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Үркер тұрғын ауданы, 206 жолақ, 11 үй. т.: 8 707 984 08 83

ТОО «StoyGroup2018», БИН 1801140001059 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, жилой массив Үркер, переулок 206, д.11. тел.: 8 707 984 08 83

«Мост-Ломбард» ЖШС жекеменшік ломбард 2026 жылғы 11 наурызда алтыннан жасалған, 500, 583, 585, 750 сынамалы қайтарылмаған кепіл мүлкін саудаға шығару бойынша аукцион өткізілетінін хабарлайды.

Лот №1-430, жалпы салмағы 1358,17 гр. Сауда қатысушыларын тіркеу 2026 жылғы 10 наурызда сағат 18:00-де аяқталады. Мүліктің тұрған жері:

Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, 63-үй, 3-пәтер. Төлем тәртібі мен мерзімі: Мүлікті сату туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілген төлем деректемелеріне аудару арқылы жүргізіледі. Сауда өткізу уақыты мен орны: Астана қ., Жеңіс даңғылы, 34-үй, 10-офис, сағат 09:00. Бағаны өзгерту қадамы – 10%. Сауда өткізу тәсілі – ағылшын әдісі. Уәкілетті тұлға: Гильмияров Владимир Фирдусович. Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, 63-үй, 3-пәтер. тел.: 8 705 696 45 56. Төлем деректемелері: «Мост-Ломбард» ЖШС.

БСН 000640004826

ИИК KZ3396503F0011514073, КБе 15

«ForteBank» АҚ, БИК IRTYKZKA

ТОО Негосударственный ломбард «Мост-Ломбард» сообщиает, что 11.03.2026 г. состоится торги невыкупленного заложенного имущества из золота 500, 583, 585, 750 пробы: лоты № 1- 430, общим весом 1358,17 гр. Регистрация участников торгов заканчивается 10.03.2026 г. в 18 часов 00 минут. Место нахождения имущества: г. Астана, пр. Богенбай батыра, д.63, кв.3. Порядок и сроки уплаты: не позднее 2-х рабочих дней после подписания протокола реализации имущества, перечислением на платежные реквизиты. Время и место проведения торгов: г. Астана пр. Жеңіс, д.34, офис.10. в 9 часов 00 минут. Шаг изменения цены -10%. Метод проведения торгов: английский. Доверенное лицо: Гильмияров Владимир Фирдусович. г. Астана, пр. Богенбай Батыра, д.63, кв.3, тел: 8705 696 45 56. Платежные реквизиты: ТОО Негосударственный ломбард «Мост-Ломбард».

БИН 000640004826

ИИК KZ3396503F0011514073 КБе 15

АО «ForteBank» БИК IRTYKZKA

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Paving Stone Company» ЖШС ҚР ЭК-нің 49-3-бабына сәйкес, «Paving Stone Company» ЖШС үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама ҚОҚ ҰБД экологиялық порталында және т.б. орналастырылған (<https://ndbecology.gov.kz>). Сондай-ақ 2026 жылғы 12 наурыздан бастап 5 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Қосымша ақпарат телефоны: +77052308730 және электрондық пошта: evgeniya-skoba@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Paving Stone Company» согласно ст. 49-3 Экологического кодекса РК уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» для ТОО «Paving Stone Company». Проектная документация размещена на экологическом портале НБД ООС и ПР (<https://ndbecology.gov.kz>). Там же принимаются замечания и предложения в период с 12 марта 2026 года в течение 5 рабочих дней. Дополнительная информация по телефону: +77052308730 и по электронному адресу: evgeniya-skoba@mail.ru.

Мейірім мен құрметтің көрінісі

Алғыс айту – адамдықтың асыл қасиеті. Ал көктемнің алғашқы күнімен бірге келетін Алғыс күні – мейірім мен ризашылықтың мерекесі. Бұл күн – жақсылық жасаған жандарға жүректен шыққан шынайы алғысымызды білдіретін ерекше сәт. Осындай мерейлі күні ақ халатты абзал жандарға айтар ризашылық ерекше.

Дәрігер – адам жанының арашашысы. Қиналған сәтте қол ұшын созып, үміт сыйлайтын, дертке дауа іздейтін жан. Олар әр науқастың тағдырын өз тағдырындай қабылдап, жауапкершілікті терең сезінеді. Талай жанның өміріне араша түсіп, отбасына қуаныш сыйлап жүрген дәрігерлердің еңбегі өлшеусіз.

Әсіресе сын сағаттарда, індет жайлаған кезеңдерде медицина қызметкерлері алдыңғы қатарда болды. Қиындыққа мойымай, анттарына адал болып, халық денсаулығы үшін аянбай еңбек етті. Бұл – нағыз ерлік пен жанқиярлықтың үлгісі.

Алғыс күні – ақ халатты жандарға құрмет көрсетіп, «Рахмет!» деп айтуға тамаша мүмкіндік. Бір ауыз жылы сөз, шынайы тілек олардың еңбегіне берілген үлкен баға болмақ. Себебі дәрігер үшін науқастың сауығып, алғыс айтып, күлімдеуі – ең үлкен марапат.

Қадірлі ҚР Президентінің іс басқармасы ұжымының дәрігерлері! Сіздерге мың алғыс! Еңбектеріңіз еленіп, абыройларыңыз арта берсін. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Сіздердің мейірімге толы жүректеріңіз талай жанға шипа бола берсін!

Құлан қажы БАЛҒОЖИНА,
Қосшы қаласының тұрғыны,
7 баланың анасы,
«Алтын алқа» иегері,
45 жыл өтілі бар химия-биология мұғалімі

Мектепті жылытып отырған жанға – мың алғыс!

Сыртта ақтүтек боран ұйытқып, сақылдаған сары аяз сүйектен өтсе де Қосшы қаласындағы 700-ге жуық оқушысы бар «Дара» мектеп-лицейі, жатақхана мен цех іші жылы. Ал сол жылудың артында үнсіз еңбек етіп жүрген бір азамат бар. Ол – 57 жастағы от жағушы Болат Азамбаев.

Алғыс күні – осындай көзге көріне бермейтін, бірақ қоғам тіршілігінің күретамырына айналған жандарға тағзым ететін күн. Болат ағамыз – 33 жылдан аса уақытын осы салаға арнаған нағыз еңбек адамы. Еңбек кітапшасында – бір ғана жазба. Бір мекеме. Бір ұжым. Бір тағдыр. Бұл – адалдықтың, тұрақтылықтың, өз ісіне шексіз берілгендіктің айғағы.

Алғашқы еңбек жолы Семей өңірінде басталған. Қиын кезеңдерде де, тоқырау жылдарында да бір сәт жылуды тоқтатпау – оның басты ұстанымы. Қала тұрғындарын, білім ордаларын жылумен қамтамасыз ету – оның жай ғана жұмысы емес, азаматтық борышы.

Қазандықтағы жұмыс – ауыр әрі жауапты еңбек. Тонна-тонна көмірді күрекпен лақтырып, отты қабаттап салу, ауа тартуын дәл реттеу тәжірибе мен шеберлікті талап етеді. Таскөмірдің тез шөгетінін ескеріп, оны тиімді пайдалану – кәсіби



біліктіліктің белгісі. Әр шелек көмірдің дұрыс жануы – тұтас мектептің жылуына әсер етеді.

Қатты аязды күндері температураны бірқалыпты ұстап тұру – үлкен сын. Ал Болат Меделбекұлы ағамыз үшін салғырттыққа жол жоқ. Оның сабырлығы мен бай тәжірибесі білім ордасының ішін әрдайым жайлы ұстап келеді.

Ол тек қыста ғана емес, жыл он екі ай бойы еңбек етеді. Қар күреу, аула тазалау – бәрі де оның күнделікті міндеті. Қай мезгіл болса да қызметтің алдыңғы қатарында.

Құрыштай қызған пештің аузын ашып, жалынмен бетпе-бет келу екінің бірінің қолынан келмейді. Бұл – тек білек күші емес, рухтың беріктігі. 30 жылдан аса уақыт от жалынына төтеп беру – нағыз төзім мен табандылықтың үлгісі.

Айта кетерлігі, Болат ағамыз теңізде әскери борышын Қиыр шығыс – Владивос-

тоқта өтеген азамат. Бүгінде ол – тек еңбек майталманы ғана емес, абыройлы әке, ардақты ата. Екі арыстай жоғары білімді ұлы – әке тәрбиесінің жемісі. Немерелері де аталарын ерекше құрметтеп, мақтан етеді. Отбасы үшін ол – тірек, ұрпағына үлгі, немерелері үшін – асқар тау.

Ол – бауырмал, үйретуден жалықпайтын, қолынан келгенін бөлісетін жан. Жастарға тек пеш жағуды емес, адал еңбек етудің қадірін түсіндіріп келеді.

Мектеп қабырғасындағы жылу – жай ғана техникалық нәтиже емес, Болат ағамыздың маңдай тері мен адал еңбегінің жемісі. Сол жылудың арқасында сыныптарда балалардың күлкісі естіледі, мұғалімдер алаңсыз сабақ өтеді.

Осындай еңбек адамдарына тағзым ету – біздің парызымыз. Өйткені қоғамды дәл осындай үнсіз батырлар алға бастайды.

Дидар ОРАЛБЕК

ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІН БІРГЕ ЕҢСЕРЕТІН ОРТАЛЫҚ

Бүгінде отбасын қолдау орталықтары қиын жағдайдағы жандарға іс жүзінде жан-жақты көмек көрсетудің тиімді механизміне айналған. Жақында орталық мамандарының көмегімен үлкен тығырықтан шыққан жалғызбасты көпбалалы ананың оқиғасы осыған айқын дәлел.

Көпбалалы ананың жағдайы өте күрделі еді. Ол 4 баланың тәрбиесімен қатар, I топтағы мүгедектігі бар әпкесі мен оның көмелетке толмаған баласына да қамқорлық танытып келген. Бір бөлмелі пәтердегі қиын тұрмыс пен құжаттық кедергілер отбасының еңсесін түсіргені жасырын емес. Осы тұста Отбасын қолдау орталығы мен қалалық ведомстволардың үйлесімді жұмысы іске қосылды. Мамандар кешенді қолдаудың 5 бағытымен нәтижелі жұмыс істеді. Атап айтқанда, олар бұл отбасының мәселесін шешу үшін мынадай жүйелі тәсілдерді қолданды:

- Тұрмыстық оңалту. Пәтердің жағдайын жақсарту мақсатында жанашыр азаматтар мен еріктілердің көмегімен косметикалық жөндеу жүргізілді. Бұл балалардың таза әрі жайлы ортада өсуіне мүмкіндік берді.

- Құқықтық қорғау. Білім бөлімімен бірлесе отырып, көмелетке толмаған балаларға қамқорлық жасау мәселесі шешілді. Бұл олардың мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктерді толық алуына жол ашты.

- Медициналық-әлеуметтік жәрдем. Мүгедектігі бар туысын арнаулы мекемеге орналастыру ұзақ әрі күрделі үдеріс болды. Емхана мамандарының

қолдауымен қажетті медициналық тексерулер жеделдетіліп, тиісті құжаттар рәсімделді.

- Гуманитарлық көмек. Отбасының ең қажетті мұқтаждықтары (киім-кешек, тұрмыстық заттар) өтеліп, алдағы уақытта демеушілер есебінен қосымша көмек көрсету жоспарланды.

- Психологиялық сүйемелдеу. Ананың эмоционалды жағдайын тұрақтандыру үшін психологтың кеңесі ұйымдастырылды. Бұл қиындықтарды еңсеруге деген ішкі сенімді нығайтты.

- Біздің жұмысымыз – әрбір өтініштің артында тұрған адам тағдырына бей-жай қарамау. Әрбір реттелген құжат, жөнделген пәтер немесе алынған психологиялық кеңес – балалардың жарқын болашағына бағытталған қадам, – дейді орталық маманы Шолпан Сансызбайқызы.

Иә, Отбасын қолдау орталығы – қиын сәтте тірек болатын мекен. Егер сіздің де айналаңызда көмекке мұқтаж адамдар болса немесе өзіңіз тығырыққа тірелсеңіз, арнаулы мамандардың әрқашан қол ұшын созуға дайын екенін қаперде ұстаңыз.

Гүлназ БИСЕН



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ХАКАТОН – ЖАҢА ШЕШІМДЕР АЛАҢЫ

Қосшыда қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Сенім. Қолдау. Даму» тақырыбында психологиялық хакатон байқауы өтті. №4 жалпы орта білім беретін мектеп базасына жиналған қала мектептерінің педагог-психологтары мен әлеуметтік педагогтері бұл жолы дәстүрлі баяндамалардан бас тартып, «хакатон» форматында бақ сынады.



Жалпы, хакатон дегеніміз – мамандардың кәсіби өсу алаңы, яғни тәжірибе алмасудың жаңа форматы. Сондықтан шарада сөз алған Ақмола облыстық білім басқармасы Психологиялық қолдау орталығының әдіскері Р. Жұмабаева, Қосшы қаласы білім бөлімінің әдіскерлері А. Мәкенова және А. Ибраева қазіргі мектеп психологиясындағы басты міндет тек мәселені анықтау емес, оны шешудің инновациялық жолдарын табу екенін айтты.

Хакатон форматы бойынша 8 мектептен келген қатысушылар жеребе арқылы 4 командаға біріктіріліп, оларға мектеп өмірінде жиі кездесетін күрделі психологиялық жағдаяттар берілді. Командалардың алдында жағдаятты терең психологиялық талдаудан өткізу, мәселенің түпкі себептерін (булинг, кибербулинг, эмоционалдык күйзеліс) анықтау, педагогикалық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын кешенді шешім ұсыну, жобаны іске асырудың нақты қадамдары мен күтілетін нәтижелерін дәлелдеу сияқты ауқымды міндеттер тұрды.

Виктор Франкльдың «Адамнан бәрін алуға болады, бірақ ішкі таңдау еркіндігін емес» деген қағидасын ұстанған қатысушылар баланың ішкі әлеміне үңілу арқылы қақтығыстарды жоюдың тиімді стратегияларын жасап шықты. Жобаларды қорғау кезеңі ерекше тартысты өтті. Оларды бағалауға Ақмола облыстық білім басқармасы Психологиялық қолдау орталығының әдіскері Р. Жұмабаева, Қосшы қаласы білім бөлімінің әдіскерлері А. Мәкенова, А. Ибраева, №20 ППТК басшысының міндетін атқарушы, педагог-психолог А. Жүсіпбаева, логопед З. Бекішева және «Viamedis Kosshy» емханасы мен Отбасын қолдау

орталығының психологы А. Әділбекова қатысты.

Тартысты өткен іс-шараның қорытындысында №4 жалпы орта білім беретін мектебі мен Тайтөбе орта мектебінің біріккен командасы үздік шығып, хакатон жеңімпазы атанды.

Алмагүл БАЙЖАНОВА,
директордың бейіндік оқыту жөніндегі
орынбасары

Тілдің өміршендігі – оны қолданатын ұрпаққа байланысты

Қазір тіл мәселесі Қазақстан үшін әлі де өзекті. Адамдардың бірі екі тілді білуді «дамыған ел» болудың белгісі, ерекшелігіміз десе, басқалары бұл тұжырым ұлттық тілдің жойылуына мүмкіндік тудырады деп уайымдайды.

Қоғамдық жерлерде көпшіліктің орыс тілінде сөйлеп, бірінші сол тілде амандасуы – бәрімізге таныс көрініс. Өкініштісі, көбі мемлекеттік тілді білсе де өзге тілде шүйіркелесуді жоғары дәреже санайды. Әлеуметтік желілерге де орысша жазғанды жетістік көреміз. Осының бәрине қазақтілді қауым саналы түрде барады. Өзінің ана тілін қорсынатын сияқты. Оған тағы «орыстілді ортадан көп қаралым жиналады» деген сылтауды қосып қояды.

Тіл – замандар арасындағы кілт пен қақпа. Егер ана тіліміз қоғамдық қолданыстан ығысып қалса, тарихымыз бен мәдениетіміздің кілтін жоғалтып, есіктерін мәңгілікке жабамыз. «Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, Қосшы қаласы №2 жалпы орта білім беретін мектебінде «Ұлағат» әкелер клубының мүшелері мен мектеп жанашырлары арасында волейболдан «Салауатты әке – сай ұрпақ» атты мектепшілік турнир өтті.

ӘКЕЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫСТЫ ТУРНИР

Шараны дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Берік Шақимов ұйымдастырса, сәтті өтуіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рысқұл Ыбырайқызы жауапты болды. Бастысы, бұл турнир мектеп пен отбасы арасындағы алтын көпірді нығайта түсті. Ашылу салтанатында мектеп директоры Оксана Хәкімқызы сөз сөйлеп, спорттың адам өміріндегі маңызы мен әке тәрбиесінің өскелең ұрпаққа тигізер әсері туралы айтты.

Алаңға шыққан әкелердің жүзінен жеңіске деген ұмтылыс пен спорттың ынта айқын байқалды. Әр команда өз намысын қорғау үшін барын салды. Көрермен мен оқушылар жанкүйері болып, залдағы эмоция деңгейін көтере түсті.

Ойын қорытындысында төрешілер алқасы 1-11 сынып оқушыларының әкелерінен үздік шыққан командаларды анықтады.

Сонымен, шеберліктері мен ауызбіршіліктерінің арқасында I орынды «Намыс» командасы жеңіп алды. Ал жылдамдықтары мен жинақылықтарын көрсеткен «Жеңіс» командасы II орынға табан

тіресе, қайсарлық танытқан «Жігер» командасы III орынды місе тұтты.

Командалық есептен бөлек, жеке шеберлігімен дараланған қатысушылар да арнайы номинациялармен марапатталды. «Үздік байланыстырушы» атағына ойынды сауатты ұйымдастыра білген Нұрмұхамед Өмірбеков ие болды. «Үздік қорғаушы» номинациясы бойынша қарсыластың соққыларына тосқауыл қоя білген Дархан Кітайбеков үздік деп танылды. Сондай-ақ мектеп әкімшілігі қатысушыларға ризашылығын білдіріп, жеңімпаздарды дипломдар және естелік сыйлықтармен марапаттады.

«Әке көрген оқ жонар» дегендей, осындай іс-шаралар балалардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, әкелерінің жеңісіне марқайып, солардан үлгі алуына мүмкіндік береді деп сенеміз.

Алтынбек ОПАБЕКОВ,
директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары



бәрінен құралақан қалады» деп көрнекті қаламгер Ғабит Мүсірепов бекер айтпаған. Сондықтан мемлекеттік тілді ойыншық емес, тұтас бір елдің қалыптасып, дамуына септесетін аса маңызды құрал деп тану қажет.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ал ресми тілі – орыс тілі. Халық қазақша сөйлесе де билік орысша жауап береді. Олардың ішінде мемлекеттік тілін білмейтіндері көп. Мұндай әрекеттерді көрген халықтың санасында «билік тілі – орыс тілі» деген ұғым қалыптасады. Ал ондай түсінік қалыптасқаннан кейін қарапайым халық ұлттық тілін елемей, осыдан мәселе туындайды.

– Халықтың 80 пайызы сөйлейді, бірақ ол биліктің 80 пайызы деген сөз емес. Дау неден шығады? Халықтың талап етіп отырған тілі мен қызмет көрсету тілі – екі басқа, – дейді қоғам белсендісі Аятжан Ахметжан.

Ең өкініштісі, тәуелсіздік алғанмызға 30 жыл-

дан асса да тілдік кемсітуді қазір билік пен басқа ұлт өкілінен емес, өзіміздің арамыздағы орыстілді қазақтар тарапынан жиі еститін болдық.

Қазақстаннан басқа да мемлекеттерде мемлекеттік және ресми тілдер бөлек белгіленген. Мысалы, Швейцария, Бельгия, Канада, Ирландия, Финляндия елдерінде қостілділік болғанмен, ұлттық тілдің маңыздылығы сақталады. Олар тілдер арасындағы тепе-теңдікті ұстап, ерекшеліктерін мүмкіндікке айналдырып, дамыған елдер қатарына кірді. Демек «дамыған ел» болып көрініміз келсе, ұлттық тілдің маңызын ұмытпауымыз керек. Әсіресе үлкендер «ел болашағы» деп жүрген жастарда намыс болуға тиіс. Тілдің өміршендігі – оны қолданатын ұрпаққа байланысты. Егер жастар білімде, ғылымда, цифрлық кеңістікте, мәдени ортада ана тілін белсенді қолданбаса, тілдің қоғамдық рөлі әлсірейді.

Аружан МҰСАТАЙҚЫЗЫ,
оқушы

«АЛЛО, МАМА» – ҮНСІЗ ТАҒДЫРЛАРДЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ

Қосшыдағы Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде Ш. Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театры «Алло, мама» драмасын сахналады. Осылайша, театр ұжымы осы бір өнер қарашаңырағының 30 жылдық мерейтойына орай жасалған гастрольдік сапарын елорда іргесіндегі жас қаладан бастап отыр. Осы қадамның өзінен-ақ Қосшының қарқынды дамуында мәдениет саласының да айшықты орны бар екенінін айқын аңғаруға болады.

Тәжік режиссері, драматург Барзу Абдуразаковтың қоғам мен сыншылар тарапынан оң бағасын алған туындысын ұлттық сахна кеңістігіне шығаруды театр ұжымының шығармашылық тұрғыдан тәуекелді қадамға барғаны дер едік. Дегенмен бұл тәуекел өзін ақтағандай. Қойылымның көрерменді бейжай қалдырмайтын әлеуметтік-психологиялық драмаға айналғанын көріп, жас режиссер Тасқын Мәжитовтің шеберлігі мен әртістердің өз рөлдерін асқан талғампаздықпен керемет сомдағандарына тамсандық.

Спектакль атауының өзі символдық. «Алло, мама» – көмекке шақыру ма, әлде кеш қалған өкініш пе? Бұл – әр көрерменнің жүрегінде әрқалай жаңғыратын сөз. Бастысы, мұнда шулы оқиғалардан гөрі, үнсіздік «сөйлейді». Кейіпкерлердің жандүниесіндегі қайшылықтар, үміт пен торығу арасындағы арпалыс сахнаның негізгі қуаты болса керек.

Драма көрерменге дайын жауап ұсынбайды. Керісінше, сұрақ қояды: қоғам неге өз азаматтарын жалғыз қалдырады? Неге адам ең қиын сәтте «мама» деп көмекке жүгінеді? Бұл әлеуметтік мәселе ғана емес, рухани дағдарыстың көрінісі іспетті.

Бүгінгі театр тек эстетикалық ләззат сыйлаумен шектелмеуі керек. Ол қоғаммен «сөйлесуге» тиіс десек, «Алло, мама» – осы миссияны орындауға ұмтылған қойылым. Әлеуметтік әділетсіздік, рухани жалғыздық, отбасылық құндылықтардың әлсіреуі сахна тілінде көркем өрілген.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні,

«Алло, мама» – бүгінгі күннің драмасы. Ол біз өмір сүріп отырған қоғамның шындығын көрсетеді. Театр сахнасы бұл жолы айнаға айналды. Сол айнадан әркім өзін көре алды деген сенімдеміз.

Манарбек ҚЫДЫРБАЙ, театрдың көркемдік жетекшісі:

– Бұл қойылым ертеректе сахналанған. Сценарий театрымыздың негізін қалаушылардың бірі, бүгінде 86 жасқа толған Жібек Бағысова апамыздың басты кейіпкер – Ана рөлін сомдауына лайықтап жазылды.

Драмада адамдардың күйбең тіршілікпен үлкен қалаларға кету мәселесі көтеріледі. Алыстағы ұлын сарыла күткен жалғызбасты ананың жай-күйі, ұлына деген алаң көңілі астарлы оймен кестеленеді. Ұлы мен анасы тек телефон арқылы ғана хал сұрасып тұруға мәжбүр... Қысқасы, қойылымды «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада» деген мақалға жауап береді деуге болады.

Бұл – жас режиссер Тасқын Мәжитовтің тырнақалды туындысы. Көрерменге ерекше ұнаған қойылым болды.

Жібек БАҒЫСОВА, ана рөлін сомдаған актриса, Қазақстанның Халық әртісі, Мәдениет қайраткері:

– «Алло, мама» – мен үшін жай ғана рөл емес, жүректен өткен тағдыр. Бұл қойылымға келгенде алдымен ананың ішкі әлемін ашуға тырыстым. Ана – тек мейірімнің символы емес, сабырдың, күтудің, үнсіз күйзелістің иесі. Сахнадағы ана баласына ақыл айтатын, оны

жазғырған кейіпкер емес. Ол – баласының әр демін алыстан сезетін жүрек.

Бүгінгі қоғамда ата-ана мен бала арасындағы байланыс өзгеріп бара жатқандай. Бұрын бір дастарқан басында айтылатын сыр қазір телефонның арғы жағында ғана қалып қойды. «Алло, мама» деген сөздің өзінде қаншама сағыныш, қаншама өкініш жатыр. Кейде сол бір ауыз сөз кешігіп айтылып жатады. Біз қойылым арқылы дәл осы кешігудің қасіретін жеткізгіміз келді.

Төлеубай ҚӨҢБАЙҰЛЫ, ұлының рөлін сомдаған актер, Мәдениет қайраткері:

– Драмада ана мен бала арасындағы махаббат көрініс тапқанмен, қоғамдағы келеңсіз жағдайларды суреттейтін шығарма. Ананың баласы қалада шенеунік – бастық болып жұмыс істейді. Ал ана – ауылдағы қарапайым жан. Екі әлем. Екі түрлі өмір салты. Екі түрлі көзқарас.

Ана үшін ең бастысы – адамдық, әділдік, халықтың қамы. Ал баласы – жүйенің бір бөлшегі. Қойылымдағы негізгі тартыс та осы жерде туындайды. Ана баласына: «Өкіметке жұмыс істеп жүріп, халыққа қажетті дүниелерді ескермейсің» деген мазмұнда ой айтады. Бұны тек бір отбасының ішкі әңгімесі емес, тұтас қоғамға қарата айтылған сын десе де болғандай.

Драмада билік пен ар, қызмет пен адамдық қасиет арасындағы қақтығыс айқын сезіледі. Ұл жаман адам емес. Бірақ ол жүйенің талабымен өмір сүріп кеткен. Ал ана шындықтың соңғы үні



іспетті. Оның сөзінде өкпе де, аландаушылық та, ең бастысы, шынайы махаббат бар.

Қойылымда ашық айқай, даурықпа сөз жоқ. Барлығы – ишарамен, кідіріс арқылы, ішкі сезіммен беріледі. Әр диалог – екі адамның ғана емес, екі буынның, екі дүниетанымның сөйлесуі. Ұл анасына қарсы келмейді, бірақ оны толық түсіне алмайды. Ана баласын жазғырмайды, бірақ үнсіз күйінеді. Осы үнсіздік – драманың ең ауыр сәттері.

Ғани АТЫМТАЙ



QR-код арқылы қараңыз

1-сыныптағы ақын 1-орын алды

Қосшы қаласы мектеп-гимназиясының 1 «Д» сынып оқушысы Аружан Станиславова республикалық Абайтану олимпиадасына қатысып, «Жүйріктен жүйрік озар» номинациясы бойынша I орын иеленді. Назарларыңызға жас таланттың сол сәтте ұсынылған үздік шығармасын ұсынып отырмыз.

АБАЙ АТАМА АРНАУ

Қазақтың жайын
Толғаған сайын
Дана болған атамыз.

Жырларын оқып,
Ақылға тоқып,
Келеміз өсіп баршамыз.

Береді шабыт,
Сөздері алып –
Асыл мұра қалдырған.

Абайдың сөзі –
Дананың көзі,
Болашаққа мың қадам.

Өсиет айтқан,
Өрнек боп жатқан
Сөздері мәңгі жаңғырар.

Жүрекке жеткен,
Ойы биіктен
Ұрпаққа нұр боп тамшылар.



Ауылдың иісі аңқыған әңгімелер

Қосшы қаласында қазақ сөз өнерінің құдіретін ұлықтаған ерекше шара өтті. Орталық кітапхананың ұйымдастыруымен белгілі жазушы Ұларбек Нұрғалымұлының туындыларын оқудан өткен байқау оқырмандар үшін нағыз рухани мерекеге айналды.

Байқаудың басты ерекшелігі – оның цифрлық форматта, Kahoot платформасы арқылы өтуі. Қатысушылар жазушының «Дайғашшы», «Қараманнан шыққан қайыршы», «Ауылды ұстайтын» апа және «Қар суымен кеткен жылқы» атты туындылары бойынша бақ сынасты. Экранға шыққан сұрақтарға жылдам әрі дәл жауап берген оқырман білім деңгейін ашық көрсетіп, тартысты дода жасады.

Кештің ең басты мәртебелі қонағы әрі қазылар алқасының мүшесі – жазушы Ұларбек Нұрғалымұлының өзі болды. Автор оқырманмен емен-жарқын сөйлесіп, өлеңдерінен сыралғы тартты.

– Ел ішінде кітап оқу клубтарында белгілі авторлардың кітабын оқу заманның ағыммен сәнге айналып келеді. Сондай ортада менің де кітабымның талқылануы жатқандығы қуантады. Кейде тіпті өзім жазған дүниенің екінші қырын ашып, өзіме таныстырып, астарын анықтап жатқандығы таңқалдырады. Мен жазған шығармалар – алыстан емес, қазақтың өз ішінен алынған оқиғалар. Сондықтан ол – әрбірімізге таныс жағдай. Ауқымды байқауды ұйымдастырудың басы-қасында жүрген әрбір



азаматқа айтар алғысым шексіз, – деді жазушы ағынан жарылып.

Сондай-ақ автордың ұстазы Бақытбек Көксегенұлы бейнеқұттықтау жолдап, шәкіртінің бала кезден ортадан оқшауланып тұратын дарыны мен ерекше болмысы туралы естеліктерін бөлісті.

Кітапхана басшысы Майгүл Қаригазықызы шараның маңыздылығын Тұрсын Жұртбайдың сөзімен байланыстырып айтты.

– Байқауды ұйымдастыруға Тұрсын Жұртбайдың «Мұнда біз ұмытқан өмірдің тамыры бар» деген пікірі арқау болған еді. Шараның ерекшелігі сол, автор қонақ әрі әділқазы ретінде қатысып отыр. Бүгінгі кештің оқырманға берер рухани құндылығы да, әсері де мол болады деп сенемін, – деді ол.

Осы сәтте кітапхана ұжымы қаламгерге құрмет көрсетіп, иығына шапан жапты. Рухани кеште ақынның өлеңдері мәнерлеп оқылып, Мәдениет үйінің өнерпаздары әннен шашу шашты.

Шара соңында барлық қатысушыға орталық кітапхана атынан кітаптар сыйға тартылды. Ең жоғары нәтиже көрсеткен үш оқырманға арнайы диплом мен ақшалай сыйлық табыс етілді.

Бұл кеш – қазақ әдебиетінің өлмейтіндігін және жас ұрпақтың кітапқа деген құштарлығының жаңа деңгейге көтерілгенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Гүлназ БИСЕН

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ
Бас редактордың орынбасары
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz